


Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі



Республиканское государственное
учреждение «Казахская
национальная консерватория имени
Курмангазы»

Министерства культуры и
информации Республики Казахстан

ЕРЕЖЕ

ПОЛОЖЕНИЕ

2024 ж. 26 қыркүйек

күні

Алматы қ.

№ Р-10/1-24

г. Алматы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ
Ғылыми кеңес шешімімен
ҒК төрағасы Г. Тасбергенова
2024 жылғы «26» қыркүйек
№ 2 хаттама

ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Дайындаған:			
Біліктілікті жоғарылату және қосымша білім беру бөлімінің басшысы	<u>Г.Т.</u>	А.Н. Баймуканова	<u>24.09.24ж.</u>
Келісілді:			
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор	<u>Ә.Б.</u>	Г.Б. Әбдірахман	<u>24.09.24ж.</u>
Сапа менеджменті секторының басшысы	<u>А.С.</u>	А.С. Сарымсакова	<u>24.09.24ж.</u>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бас әкімші	<u>О.О.</u>	О. Омарұлы	<u>24.09.24ж.</u>
Заң секторының басшысы	<u>Д.Я.</u>	Д.Я. Мамедова	<u>24.09.24ж.</u>
Лауазымы	Қолы	АӘТ	Күні

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Біліктілікті арттыру курстарының мақсаттары мен міндеттері	4
3. Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру тәртібі	4
4. Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын өткізу процедурасы.....	6
5. Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы қорытынды бағалау және құжатын табыстау.....	6
6. Посткурстық сүйемелдеу.....	7
7. Біліктілікті арттыру білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу	8
8. Өзгерістер енгізу тәртібі.....	8
9. Қорытынды ережелер.....	9
1 қосымша – Өтінім беру формасы.....	10
2 қосымша – Есеп беру формасы.....	11
Түзетулерді тіркеу парағы.....	12
Танысу парағы.....	13

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру Ережесі (ары қарай - Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (ары қарай - Консерватория) педагогтарының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру тәртібін айқындайды, сондай-ақ курстан кейінгі сүйемелдеу және білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу тәртібін белгілейді.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 – III Заңы; (11.01.2025 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы; (01.01.2025 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V; (01.01.2025 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 «Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 «Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту ережесін бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығымен бекітілген білім беру мониторингі аясындағы әкімшілік деректер формасы;
- «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ (ары қарай - Консерватория) Жарғысы, сондай-ақ Консерваторияның қызметін жалпы реттейтін ішкі нормативтік құжаттар.

1.3 Курстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша жалпы басшылық және бақылау академиялық мәселелер бойынша проректорға жүктеледі.

1.4 Курстарды ұйымдастыру, ақпараттық қолдау және өткізу Консерваторияда Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөліміне (ары қарай - Бөлім) жүктеледі.

1.5 Бөлім курстарда оқытуды бекітілген білім беру бағдарламаларына сәйкес қамтамасыз етеді.

1.6 Консерваторияда Курстардың білім беру бағдарламалары еңбек нарығының тенденцияларын, жұмыс берушілердің сұраныстарын және тыңдаушылардың кәсіби қызметіндегі қызығушылықтарын ескере отырып құрылады.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ	13 беттің 3 беті

2. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Біліктілікті арттырудың мақсаттары:

- педагогикалық кадрлардың кәсіби даму жүйесін және құзыреттілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- оқытушылар-музыканттардың даярлық сапасын арттыру;
- біліктілік деңгейіне қойылатын талаптардың артуына байланысты теориялық және практикалық білімдерді жаңарту;
- заманауи оқыту әдістерін меңгеру қажеттілігі.

2.2 Біліктілікті арттырудың негізгі міндеттері:

- мәдениет және өнер саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру, еңбек нарығында оларға қойылатын талаптардың артуын ескере отырып;
- мамандардың кәсіби музыкалық білім саласындағы заманауи ғылыми ашылымдар туралы толық ақпарат алу қажеттілігін қанағаттандыру;
- білім алушылардың бұрынғы алған кәсіби білімдерін, дағдыларын қолдау, кеңейту, тереңдету және жетілдіру;
- педагогикалық қызметті мониторингтеу және өзін-өзі талдау – өз педагогикалық тәжірибесін рефлексиялау, талдау және бағалау дағдыларын дамыту;
- педагогикалық технологияларды жетілдіру, педагогикалық кадрлардың кәсіби- жеке қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ғылыми әлеуеттерін арттыру.

3. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

3.1 Дәрістер лекция оқу, практикалық және семинарлық, жеке сабақтар өткізу, оқу орнының бағыттары бойынша тәжірибе алмасу, консультациялар, бақылау және басқа жұмыстар арқылы өтеді.

3.2 Тәжірибелік дәрістер оқу орнының оқу ұжымдарында - оркестрлерде, ансамбльдерде, хорларда өткізіледі.

3.3 Біліктілікті арттыру курстары:

- еңбек қызметінен үзіліссіз өткізіледі;
- еңбек қызметінен жартылай үзіліспен.

Білім алу мерзімдерін Консерватория тыңдаушы таңдаған бағдарлама мен біліктілікті арттыру мақсаттарына қарай белгілейді.

3.4 Курста оқу келесі форматта өткізілуі мүмкін:

- күндізгі;
- қашықтықтан (онлайн);
- аралас.

3.5 жетілдіру курстарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ	13 беттің 4 беті

тәлімгер - Консерваторияның оқытушысы немесе арнайы шақыртылған маман болуы тиіс, ол келесі талаптардың біріне немесе бірнешеуіне сәйкес болуы керек:

- ғылым кандидаты, ғылым докторы ғылым дәрежелері;
- философия докторы (PhD) немесе профиль бойынша докторлық дәрежесі;
- магистр академиялық дәрежесі;
- «педагог-зерттеуші», «педагог-мастер» біліктілік санаты;
- мәдениет және өнер ұйымдарында кәсіби еңбек өтілі 3 жылдан кем емес.

3.6 Білім беру бағдарламасын жетілдіру курстарын лекциялар оқу және практикалық сабақтар жүргізу үшін екі-үш жетекшімен жүзеге асыруына рұқсат етіледі.

3.7 Консерватория жүзеге асырады:

- педагогтарды курстарда оқыту;
- педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу;
- білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу.

3.8 Курстарға кәсіби және техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі шығармашылық білім алған, кәсіби қызметпен айналысатын және тиісті шығармашылық мамандық бойынша кәсіби білім, дағды, біліктер мен құзыреттерді игеруге, кеңейтуге және тереңдетуге қызығушылық танытқан тұлғалар қатыса алады.

3.9 Құрманғазы атындағы ҚҰК біліктілікті арттыру курстарын өтінімдердің түсуіне қарай өткізіліп, одан кейін ғана топ жасақталады:

3.10 Консерватория бере алады:

- жеке біліктілікті арттыру курсы – таңдалған бағдарлама бойынша;
- топтық біліктілікті арттыру курсы (4 және одан да көп адам) – тыңдаушының немесе ұйымның өтініші бойынша жүзеге асырылады.

3.11 Топтық курс толық деп саналады, егер ресми түрде бекітілген өтінімдер бойынша кемінде 4 өтінім қабылданса.

3.12 Құзыреттілік арттыру курсының тыңдаушысы Консерваторияның оқытушыларынан, кәсіби даярлық профилі бойынша кемінде 3 жылдық тәжірибесі бар оқытушыны таңдауға құқылы, егер бұл оқытушы қандай да бір себептермен қазіргі уақытта курс жүргізе алмаса, оны қоспағанда.

3.13 Жеке және топтық курстың ұзақтығы, жоспар бойынша, «Авторлық курс» бағдарламасы бойынша 72 академиялық сағатты құрайды.

3.14 Реестрге енгізілген курстың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ	13 беттің 5 беті

4. ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ӨТКІЗУ ҮДЕРІСІ

4.1 Біліктілікті арттыру курсының тыңдаушысы Бөлімге келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) Тыңдаушының қолы және өзі толтырған ұйымының басшысы қол қойған өтінім (Қосымша 1 бойынша);
- 2) Жоғары білім туралы диплом немесе кәсіби, техникалық білім туралы дипломның көшірмесі, қосымшаларымен бірге;
- 3) Жеке куәлік (екі жағы);
- 4) Тегі өзгерген жағдайда жеке куәлік пен дипломдағы мәліметтердің айырмашылығы туралы құжат;
- 5) Тыңдаушымен біліктілігін арттыру бойынша қызмет көрсету туралы екіжақты келісімшарт (әрі қарай - Келісімшарт) жасалады. Онлайн форматында курстарды өту кезінде келісімшарттың сканерленген көшірмесін ұсынуға рұқсат етіледі;
- 6) Келісімшартқа негізделіп отырып, тапсырыс беруші мен Консерватория арасында оқу кестесі әзірленеді;
- 7) Білім алушыларды біліктілігін арттыру курстарына қабылдау Консерватория Ректорының бұйрығымен тыңдаушылар тізіміне негізделіп отырып ресімделеді;
- 8) Тыңдаушыларды бағалау сабақ кезінде (ағымдағы бағалау) және курс аяқталған соң (қорытынды бағалау) критериялық әдістерге негізделіп жүргізіледі.

4.2 Курс кестесі тапсырыс беруші мен Консерватория арасында жасалған Келісімшарт негізінде әзірленеді.

4.3 Біліктілікті арттыру курстарын сәтті аяқтаған тыңдаушыларға Консерватория ресми құжат береді, онда курс тақырыбы, сағат саны және курсты аяқтау күні көрсетіледі.

5. ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНАН ӨТКЕНІ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТЫН ТАБЫСТАУ

5.1 Курстарды аяқтағаннан кейін оқу бағдарламасына сәйкес қорытынды аттестация өткізіледі.

5.2 Біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламасы бойынша қорытынды бағалауды сәтті өткен тыңдаушылар Консерваториядан оқуды аяқтағаны туралы ресми құжат алады.

5.3 Сертификатта біліктілікті арттыру курстарының тақырыбы, өту күні және сағат саны көрсетіледі.

5.4 Сертификат Консерватория Ректорының бұйрығына негізделіп беріледі.

5.5 Сертификат. Құжат үш жыл бойы курс аяқталған күннен бастап

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ	13 беттің 6 беті

жарамды болып табылады, ол Консерватория Ректорының қолы қойылып, берілген күн көрсетіледі.

5.6 Қорытынды аттестацияны аяқтамаған тыңдаушылар курсты тыңдағаны туралы еркін формада анықтама алады.

5.7 Сертификат алмаған тыңдаушылар келесі мүмкіндіктерді пайдалана алады:

- қорытынды аттестацияны қайта тапсыру, бірақ жылына бір реттен артық емес;
- келесі топпен қайта бағалаудан өту;
- маңызды себептермен ағымдағы жылы басқа топқа өту;
- мәжбүрлі үзіліс болған жағдайда оқуды қайта бастау және Курсты аяқтау үшін растайтын құжаттарды ұсыну.

5.8 Келісімшарт шарттарын бұзған тыңдаушылар Консерватория Ректорының бұйрығына сәйкес оқудан шығарылады. Бөлім тыңдаушының жұмыс берушісін бұл шешім туралы хабардар етеді.

6. ПОСТКУРСТЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

6.1 Курстан өткен педагог кәсіби біліктілігін жұмыс барысында жүзеге асырады.

6.2 Курстарды аяқтаған педагогтың жұмыс берушісі:

- оның кәсіби қызметіне ішкі бақылау жүргізіп, алынған білімдер мен дағдыларды қолдануды бағалауға мониторинг жүргізеді;
- Консерваторияға посткурстық сүйемелдеу мен білім беру бағдарламаларының нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік береді.

6.3 Біліктілікті арттыру курстарын аяқтағаннан кейін бір жыл ішінде Консерватория педагогтардың алған білімдерін іс жүзінде тиімді қолдануына қолдау көрсетіп, посткурстық сүйемелдеу жүргізеді.

6.4 Посткурстық сүйемелдеу мазмұны Курстардың білім беру бағдарламаларының мақсаттары, міндеттері мен күтілетін нәтижелеріне негізделеді.

6.5 Педагогтың посткурстық сүйемелдеуін жүзеге асырудың формалары:

- тыңдаушыларға педагогикалық және диагностикалық қызметінде әдістемелік және сараптамалық көмек көрсету;
- педагогикалық және зерттеу қызметінің қорытынды жұмыстарын жүзеге асыруда сараптамалық көмек көрсету;
- тәжірибе алмасу бойынша іс-шараларды (семинарлар, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар, конференциялар және басқа да білім беру іс-шаралары) ұйымдастыруда көмек көрсету.

6.6 Консерватория бір күнтізбелік жыл ішінде педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру курсы аяқтағаннан кейін олардың алған білімдерін сапалы түрде іске асыру мақсатында посткурстық сүйемелдеу жүргізеді.

6.7 Курсты аяқтағаннан кейін бір жылдан соң тыңдаушы посткурстық

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ	13 беттің 7 беті

сүйемелдеу туралы есепті растайтын құжаттармен бірге Бөлімге ұсынады (Қосымша №2).

7. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН МОНИТОРИНГТЕУ

7.1 Курстардың сапасын бақылау және жақсарту мақсатында білім беру бағдарламаларының тиімділігіне қатысты мониторинг жүргізіледі.

7.2 Мониторингті Бөлім құрылымдық бөлімшелерінің көмегімен жүзеге асырады, олар Курстардың профильдік бағыттары бойынша оқытуға жауапты.

7.3 Мониторинг аясында Курстардың оқу жоспарлары мен бағдарламаларының сапасы, қажетті құжаттама толықтығы мен сәйкестігі, сондай-ақ ұйымдастыру рәсімдерінің дұрыстығы бағаланады.

7.4 Курстардың тиімділігі мен олардың сұранысқа ие екендігін бағалау үшін келесі тараптар арасында сауалнама (анкеталау, сұхбат) жүргізіледі:

- консерваторияда білім алған педагогтар;
- жұмыс берушілер;
- басқа да мүдделі тараптар.

7.5 Мониторинг нәтижелері Консерваторияның Оқу-әдістемелік кеңесінің (ОӘК) отырысында тыңдалады.

7.6 Мониторинг нәтижелеріне сәйкес, егер білім беру бағдарламасының сапасы қанағаттанарлықсыз болып шықса, келесі шешімдер қабылдануы мүмкін:

- оны қайта қарау және жаңарту қажеттілігі;
- бағдарламаны жою.

7.7 Білім беру бағдарламасын қайта қарау ОӘК шешімі және академиялық мәселелер бойынша проректормен немесе Бөлім басшысымен ұсынылған қызметтік жазба негізінде басталады.

7.8 Жаңартылған және толықтырылған білім беру бағдарламасы осы Ереже бойынша белгіленген тәртіпте бекітуге жатады.

7.9 Білім беру бағдарламаларының тиімділігі жыл сайын емес, кемінде үш жылда бір рет талданады.

8. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Осы Қағидаларды өзгерту жөніндегі ұсыныстар Ғылыми кеңестің отырысында талқыланады және көпшілік дауыспен қабылданады немесе жойылады (отырысқа қатысып отырған ҚК мүшелері санының кемінде 2/3 дауысы).

8.2 Қағидаға өзгерістер енгізу консерваторияның Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша ғана оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен келісілген біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімі басшысының қызметтік хаты негізінде жүргізіледі.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ	13 беттің 8 беті

8.3 Қағидаға өзгерістер енгізу «Өзгерістерді тіркеу парағында» міндетті белгісі бар СМЖ талаптарына сәйкес жүргізіледі.

8.4 Қағидадағы өзгерістер туралы хабарламалар барлық кафедраларға және консерваторияның жауапты құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.

8.5 Осы Қағида қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

8.6 Қағидалардың түпнұсқасы «Құжаттамалық қамтамасыз ету» бөлімінде сақталады, ал оның сканерленген көшірмесі консерваторияның ресми сайтындағы БЖЖҚББ тиісті жұмысындағы бөлімде ілінеді.

8.7 Қағиданың даналарын консерваторияның құрылымдық бөлімшелері бойынша таратуды БЖЖҚББ жүзеге асырады.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1 Осы Ереже Консерватория басшылығы тарапынан бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және жаңа ережемен алмастырылғанға дейін әрекет етеді.

9.2 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Ғылыми кеңестің шешімі негізінде, Консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары бойынша жүзеге асырылады.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ	13 беттің 9 беті

1 қосымша – Өтінім формасы

**Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясының
ректорына**

**Біліктілігін арттыруға
ӨТІНІМ**

А.Ә.Т. : _____

ЖСН: _____

Жұмыс орны (мекеме атауы), мекен-жайы: _____

Жұмыс телефоны: _____

Білімі: _____

Лауазымы, ғылыми дәрежесі: _____

Мамандығы: _____

Оқытылатын пәндер: _____

Тұрғылықты мекен-жай: _____

эл.пошта: _____

Сот. телефон: _____

Құрманғазы атындағы ҚҰК

_____ мамандығы бойынша БА курсының тыңдаушысы ретінде қабылдауыңызды сұраймын:

«Авторлық курс» бағдарламасы

2025 ж. «__» _____ «__» _____ дейін

Төлеуге кепілдік беремін.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ	13 беттің 10 беті

2 қосымша – Посткурстық сүйемелдеу бойынша есеп беру формасы

2.1 Педагогтың посткурстық сүйемелдеу (ПКС) жөнінде жеке жоспары мен есеп беру бойынша кеңестер

Курс тақырыбы: _____

Курстан өткен күні: _____

Курс оқытушысының А.Ә.Т. _____

Тыңдаушының А.Ә.Т. _____

ПКС жеке жоспарын құру кезінде курс аяқталғаннан кейін жыл бойы өткізілетін іс-шаралар мен олардың өткізілу мерзімі көрсетіледі.

Жоспарланған іс-шаралардың мысалдық мазмұны: ашық сабақ (тақырыбын көрсетумен), шеберлік сағаты, дөңгелек үстел, біліктілікті арттыру курсы тақырыбы бойынша семинар өткізу, БА курсы тақырыбы бойынша вебинар өткізу, біліктілікті арттыру курстары бойынша әдістемелік баяндама жазу, концерттер, тәжірибе алмасу, өз музыкалық шығармаларын жасау, рефлексивті есеп және т.б.

2.2 Посткурстық қызмет бойынша Есеп беру формасы

Курс тақырыбы: _____

Курстан өткен күні: _____

Курс оқытушысының А.Ә.Т. _____

Тыңдаушының А.Ә.Т. _____

№	Іс-шара	Өткізілген күні	Қысқаша сипаттама	Растайтын деректер (фото, сілтеме және т.б.)
1				
2				
3				
4				
5				

Қолы _____

Почта: conservatory.pk@mail

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ

13 беттің 11 беті

ТҮЗЕТУЛЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ п/п	Құжатпен танысқан тұлғаның А.Ә.Т.	Лауазымы	Қолы	Күні
1	2	3	4	5